

Thought, Democracy, & Cultural Influence, ed., Clark W. Sorensen and Hyung-A Kim (Seattle: University of Washington Press, 2011), PDF e-book, 167 б.

3. Sungjoo Han, “South Korea: The Political Economy of Dependency,” Asian Survey 14, no. 1 (January 1974): 50-51 б.
4. Электронды ресурc.Энциклопедия (<https://tass.ru/encyclopedia/person/mun-chzhe-in>).

ӘОЖ 327.56

ҚАТАР МЕН САУД АРАБИЯСЫ АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ ҚАҚТЫҒЫСТАР

Сәрсенғалиева Амангүл Сәрсенғалиқызы

amangul.sarsengalieva@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті,
Шығыстану кафедрасының 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Құрманғали Г.Қ.

Парсы шығанағында орналасқан Қатардың Сауд Арабиясы Корольдігімен дипломатиялық қарым-қатынасы 1971 жылы тәуелсіздігін Ұлыбританиядан алғаннан кейін басталды. Бастапқыда екі мұсылман мемлекетінің өзара қатынасы жоғары деңгейде дамыған. 1995 жылы билік басына Хамад бин Халифа Аль-Тани келген соң екі ел арасында кішігірім өзгерістер енгізілді. Әлемді дүрліктіріп, «Араб көктемі» деген атпен танылған 2011 жылғы төңкеріс барлық араб елдерін әлсіреткен. Бұл төңкеріс басталған соң Қатар мемлекеті Тунис, Ливия, Египет және Сириядағы әртүрлі саяси қозғалыстарды қаруландырып, оқытумен айналысуға кірісті. 2014 жылы саясаттанушы Набил Эннаси Сауд Арабиясы мен Қатар арасындағы қақтығыс екі мемлекеттің Египеттегі саяси дағдарысқа қатысты әртүрлі көзқарастардың себебінен болғанын айтты [1]. 2014 жылы наурызда Сауд Арабиясы, БАӘ және Бахрейн Доханың осы елдерге сәйкес олардың қауіпсіздігі мен тұрақтылығына қауіп төндіретін қозғалыстарға қолдау білдіруіне наразылық білдірді. Осы уақыттан бастап Сауд Арабиясы мен Қатардың саяси-дипломатиялық қарым-қатынасы өрши бастады.

2017 жылы 5 маусымда Сауд Арабиясы Корольдігі, Бахрейн, Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ) және Египет өз елшілерін Дохадан бірден шақыртып алды. Қатардың жалғыз құрлық шекарасын жауып, ұшақтарының әуе кеңістігіне ұшуына тыйым салды. Тіпті порттарға кемелердің кіріп тоқтауына да рұқсат бермеді. Осылайша Парсы шығанағындағы антиқатарлық квартет нақты блокаданы жариялады [2]. Сонымен қатар олар өз территориясындағы Қатар азаматтарынан екі апта ішінде кетуді талап етіп, Қатарда тұратын азаматтарына елге оралуды бұйырды. 2017 жылдың мамыр айының соңында Сауд Арабиясы Корольдігі мен БАӘ барлық қатарлық БАҚ-тарға және бірінші кезекте Al Jazeera-ға тыйым салды. Себебі Qatar News Agency-дің Қатар әмірі Тамим бин Хамад Аль-Тани Иранды Ислам державасы екенін мойындап, Сауд Арабиясының ішкі және сыртқы саясатын ашық түрде сынға алды. Доха бұл ақпаратты тез арада теріске шығарды және ақпарат агенттігінің сайты бұзылды деп мәлімдеді. Алайда Эр-Рияд бұл мәселе бойынша ешқандай түсіндірме бермей, бірден Қатармен дипломатиялық және басқа да қарым-қатынастарды үзді. Кейін Біріккен Араб Әмірліктері мен Бахрейн де саудиялықтардың ізін жалғап, Қатармен дипломатиялық қатынастарын үзеді. Араб мемлекеттерінің квартеті Қатармен барлық шекараны жауып, Йемендегі соғысты жүргізетін коалициядан шығарып, аталған мемлекетке қойған 13 талаптардың тізімін жариялады: террористік ұйымдарды қолдауды тоқтатуды, Түркияның әскери базасын жабуды, көрші мемлекеттердің ішкі істеріне араласуды тоқтатуды, Al Jazeera және басқа да бірқатар БАҚ-тарды жабуды және т.б. мәселелерді талап етті [3]. Қатарлықтар ультиматумды егеменді мемлекет үшін лайықсыз деп қабылдамай, антиқатарлық квартеттің бұл оқшауламасы «ешқандай заңдық

негізі жоқ» деп сипаттады. Әрине, әлемдегі бірде-бір ел, тіпті кішкентай Қатар, ұлттық егемендіктен бас тартуды білдіретін мұндай талаптарды орындауға бармайды.

Қатардың көршілес мемлекеттермен экономикалық, ақпараттық және дипломатиялық қатығыстары әлі де өз күшін жойған жоқ. Бұл әлі басы ашық мәселе болып отыр. Доха заңсыз қоршауға байланысты халықаралық инстанцияларға (БҰҰ Халықаралық соты, ӘСК және т. б.) талап арыз жазған болатын, алайда ол еш нәтиже бермей отыр.

Жалпы Сауд Арабиясы мен Қатар діни және этникалық байланыстарға ие, алайда ондаған жылдар бойы елдер арасында саяси келіспеушіліктер әлі жалғасын табуда. Бұл екі мемлекет те Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінің Ынтымақтастық кеңесіне (Парсы шығанағының алты Араб монархиясы арасындағы бірлікті нығайту үшін Иранда Ислам төңкерісінен кейін құрылған өңірлік ұйым) кіреді. Алайда Қатар «Мұсылман бауырлар», «Талибан», ХАМАС, Иран, Израиль және АҚШ-ты қоса алғанда барлығымен тығыз байланыста болды. Қатар ПШАМЫК-нің басқа мүшелерінің саясатын сынауға, сондай-ақ бүкіл өңірден оппозиционерлерге азаматтық беруге дайын екенін хабарлады. Сауд Арабиясы, өз кезегінде, Қатардың ішкі істеріне араласуға тырысты. Мұнда «араласу» деп «үкіметті құлатуға тырысу» деп түсінуіміз керек [4].

Қатарды оқшаулау туралы шешім 2017 жылдың маусым айында қабылданды. Бұл қасиетті Рамазан айында болғандықтан бұл мемлекеттердің шешімі ислам дәстүрлерін бұзу болып саналды. Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі Қатармен дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастардың үзілгендігі туралы жариялады. Бұл санкцияларға Египет, Мавритания, Ливияның Уақытша үкіметі де қосылды, ал Иордания мен Джибути дипломатиялық өкілеттік деңгейін төмендетті. Сауд Арабиясы Арабия түбегінен әмірліктерді оқшаулап, Қатардың құрлық шекарасын қоршады. Сонымен қатар, Эр-Риядтағы басшылық Қатарды аралға айналдыру үшін шекараның барлық периметрі бойынша арналар салу идеясын ашық түрде жариялады [5]. Алайда бұл блокада Қатар әмірін Тамим бин Хамад Аль-Таниды биліктен құлатуға, сонымен қатар Қатардағы түрік әскери базасының жабылуына, Қатардың «Аль-Джазира» спутниктік телеарнасы жұмысын тоқтатуына және Қатардың толық саяси немесе экономикалық оқшаулануына алып келген жоқ. Блокада аталған мақсаттардың біреуіне де қол жеткізуге мүмкіндік бермеді, бар болғаны Қатардың әлемдегі саяси рөлін жоғарлатуға үлесін қосты. Керісінше блокаданы бастаушыларының бірі – Сауд Арабиясының мұрагер ханзадасы Мұхаммед бин Салманның сәтсіз, білікті емес және қатыгез саясат беделіне ие болуына әкелді. Мұхаммед бен Салман Мысыр БАҚ-на берген сұхбатында антиқатарлық кварталдың Қатарды оқшаулауы АҚШ тарапынан Кубаның көп жылдық қоршауымен салыстыра отырып: «Қатардың блокадасы АҚШ тарапынан Кубаның блокадасы сияқты онжылдықтар жалғасуы мүмкін [6] », – деп мәлімдеді. Алайда Сауд Арабиясының мұрагер ханзадасы, вице-премьер және Қорғаныс министр қызметін атқаратын Мұхаммед бен Салман Қатарға қатысты бұл мәселемен өзі айналыспайтынын айтты: «...барлық тұрғындары Мысырдағы бір көшенің тұрғындар санынан аспайтын мемлекеттің ісімен айналыспаймын, тіпті онымен министр де жұмыс жасамайды [6] ». Сауд Арабиясының ханзадасының бұл мәлімдемелері екі түрлі, бір біріне қайшы болып тұр.

Айта кетерлік жайт Қатардың оқшаулануы 2017 жылы Сауд Арабиясына АҚШ президенті Трамптың ресми іс-сапарынан кейін басталды. Мамыр айының соңында Ақ үй басшысы лаңкестікке қарсы саммитте елуден астам ислам әлемінің өкілдерімен кездесулер өткізді. Саммит мақсаты экстремизммен ұжымдық күрес үшін суннит елдерінің бірігуіне, мүмкін НАТО-ның жергілікті нұсқасын құруға серпін беруге тиіс болатын. Кездесуден кейін Қатарға блокада жасалды. Осы оқиға туралы Дональд Трамптың жауабы қысқа болды. Ол өз Twitter парақшасында: Эр-Риядта кездесіп отырған көшбасшылар Қатарды «радикалды идеологияны қаржыландыру қоры» ретінде көрсеткенін мәлімдеді. Трамптың айтуынша, Қатарға жасалған бұл блокада терроризмдік сұмдықтардың да соңы болады деп санады. The New York Times-тің мәлімдемесіне сүйенетін болсақ, Ақ үйдің басшысы Эр-

Риядқа сапары алдында 18 ай бұрын Сауд Арабияны – «әлемдегі ең ірі лаңкестік демеуші» деп мәлімдеген болатын.

Бірқатар араб мемлекеттер тарапынан Қатарға қысым жасау әрекеттерінің нәтижесінде халықаралық аренада Доханың позициясын күшейді. Қатарға блокадалар мен қысым тәртібі 3 жылдан бері жалғасуда. Алайда, Қатардың қарсыластарының болжамдары дұрыс болмады. Керісінше Доха көптеген мемлекеттер және ұйымдармен байланыс жасауды жалғастыруда. Бұл Қатардың әмірі шейх Тамим бин Хамад Аль-Танидің шетелге сапарлары және әлемдік көшбасшылардың Дохаға маңызды сапарлары дәлел бола алады. Қатар әмірі бес құрлықта 31 елге сапар жасап, бірқатар екіжақты келісімдерге қол қойды. Блокададан кейінгі алғашқы іс-сапары 14 қыркүйек күні Түркия Республикасына жасалды. Ол Еуропа, Африка, Азия, Латын және Солтүстік Америка елдерінде бірнеше рет ресми іс-сапармен барған, оған қоса үш рет Кувейт мен Түркияға барып, екі рет Франция, Германия мен АҚШ-та болды [7]. Халықаралық қатынастар саласындағы сарапшы, палестиналық Джелал Селми «Анадолу» агенттігімен әңгімелесу барысында Қатар әмірінің шетелдік сапарлары аймақтағы дипломатиялық дағдарыстың теріс салдарын бәсеңдетуде маңызды рөл атқарғанын атап өтті. Сабырлы және теңгерімді көзқарасты ұстана отырып, Доха көптеген елдердің позициясын олардың өз пайдасына өзгерте алды дейді сарапшы: «Дағдарыс Қатардың айқындамасын бұзбады, керісінше елді одан әрі қуатты етті, онымен қоса Тегеран мен Доханы одан сайын жақындастырды. Түркия мен Қатардың қарым-қатынасы соңғы екі жылда нығая түсті. Бірқатар екіжақты, оның ішінде жоғары деңгейдегі сапарлар жасалды, ынтымақтастық туралы 50-ге жуық келісімдер мен меморандумдарға қол қойылды [7] ». Ал бұл блокададан кейінгі Қатардың ішкі жағдайына келетін болсақ, блокаданың алғашқы күндері туралы жаңалық Қатар халқын үрейлендірген болатын. Өйткені азық-түлік өнімдерінің жартысына жуығы Сауд Арабиясынан жер үсті шекарасы арқылы, ал қалған бөлігі теңіз порттары арқылы импортталатын. Осы жабдықтау арналарын жабу жаппай аштыққа ұшырауы мүмкін еді. Алайда, Қатар қарсыласуға дайын болып шықты, себебі Иран мен Түркия Қатарды бұл тығырықтан бірден құтқарды. Бұл оқшаулау Қатар үшін экономикалық стратегияларды, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп жобаларын дамытуды, жергілікті нарыққа инвестиция ағынын ұлғайтуды, жергілікті өнім өндірісін кеңейтуді, әлем елдерімен сауданы жандандыруды қоса алғанда, көптеген маңызды белестерге қол жеткізуде елеулі түрткі болды. Қатарда әділетсіз блокадалар орнатылған сәттен бастап «32 мың жаңа кәсіпорындар құрылды, бұл өткен жылдың басынан 34%-ға артық», - деп әл-Тани Қатар QNA жаңалықтар агенттігінде жариялады.

Еуропалық спорт шолушылары футболдан «Әлем чемпионаты – 2022» Қатар үшін екінші «қауіпсіздік жастығы» деп санайды. Қатар басшылығы чемпионаттың маңыздылығын түсініп, инфрақұрылым құрылысына миллиардтаған доллар жұмсауда. Тіпті Қатар чемпионатқа басымдылық жасауға итермелеген басты себеп қауіпсіздік деңгейін көтермелеуде деген болжам да бар. Батыстық БАҚ-та пайда болған ақпаратқа сәйкес Қатар Еуропа футбол клубтары мен ФИФА спорт функционерлерін сатып алуға дейін барды дейді. Әлем чемпионатын өткізу үшін үлкен құрылыс әлі де жүргізіліп жатыр. Мысалы Қатарда сегіз заманауи стадионның құрылысы жүргізіліп жатыр. Миллиардтаған доллар ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жұмсалып отыр.

Қатардың сыртқы істер министрі Қатарды блокададан шығару туралы ең алғаш келіссөзде 2020 жылдың 15 ақпанында жүргізілді деп хабарлады [8]. Талқылау негізінен қазан айынан басталған болатын. Алайда, қауіпсіздік жөніндегі Мюнхен конференциясында сөйлеген сөзінде Мұхаммед бин Абдулрахман Аль-Тани келіссөздер табысты болмағанын айтты. Онда министр: «Үш жыл өтті. Біз қылмыскер болған жоқпыз және осы мәселені шешу бойынша кез келген ұсынысты қабылдауға дайынбыз [8] », – деп Қатардың бұл мәселені шешу барысында қандай да болса әрекетке баратынын айтты. Блокада жариялаушылар тарапынан Қатардың бұл мәлімдемесіне ешқандай жауап қайтарылмады. Өкінішке орай бұл келіссөздер сәтті аяқталмады және Қатар бұл үшін жауапты емес екенін ескертті. Төрттік одақ Доханы «Мұсылман бауырлар» радикалды –экстремистік топты

қолдағаны үшін айыптап отыр. Ал Қатар болса, оны үзілді-кесілді жоққа шығаруын жалғастыруда. Бүгінгі таңда бұл басы ашық тұрған мәселе болып отыр.

Үшінші жылға созылып бара жатқан антиқатарлық блокада әлі де еш нәтиже бермей отыр. Сауд Арабиясының қатаң талаптарын орындамаған Қатар өз тарапынан барлық мәмілеге дайын екенін хабарлады. Ендігі келісімге келу кезегі Сауд Арабия Королдігінде. Егер де Қатар 13 негізгі ультиматум тізімінен Аль-Джазира арнасын жабу және Иран Ислам Республикасымен саяси қарым-қатынасын тоқтату секілді талаптарын орындаса, оқшаулау мәселесі әлдеқайда ертерек бітер ма еді?..

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Васильев А.М. История Саудовской Аравии: 1745 г. - конец XX в. М., 2001.
2. Blocus du Qatar : l'offensive manquée: Guerre de l information, jeux d'influence, affrontement économique (Français) Broché – 19 septembre 2018.
3. Щегловин Ю.Б. Қатар дағдарысына қатысты АҚШ ұстанымына әсер ететін негізгі факторлар туралы //Таяу Шығыс институтының ресми сайты.<http://www.iimes.ru/?p=35491>
4. Arc Digital: Блокада Катара с треском провалилась/Александр Белов/<https://regnum.ru/news/polit/2643274.html>
5. Дмитрий Добров, «Сможет ли Саудовская Аравия поставить Катар на колени»/<https://inosmi.ru/politic/20181203/244142519.html>
6. В Саудовской Аравии допустили возможность многолетней блокады Катара / <https://ria.ru/20180307/1515922891.html>
7. Serdar Bitmez,Gülşen Topçu,Ülviyya Amuyeva, «Блокада лишь усилила позиции Катара»
<https://www.aa.com.tr/ru/мир/блокада-лишь-усилила-позиции-катара/1497899>
8. Qatar says talks to end Gulf blockade collapsed in January
<https://www.middleeasteye.net/news/qatar-says-talks-end-gulf-blockade-collapsed-january>

ӘОЖ 94(5)

ТАҢ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ТҮРКІЛЕРДІҢ РӨЛІ

Сейлхан Айсулу

aisulu.seilkhan@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті,

Шығыстану кафедрасының 2 курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Қайыркен Т.З.

Таң империясы Шығыс Азияның тарих сахнасында өмір сүрген ұлы Қытай империялардың бірі болған. Қытай халқының тарихындағы барлық сала нағыз шарықтау шегіне жетіп, көршілес елдермен мықты қарым-қатынас орнап, әскер жағынан да күшті болған кез осы – Таң империясы кезеңі. Осы зертеу жұмысында Таң империясының осындай керемет империя болып қалыптасуындағы түркілердің рөлін қарастырамыз. Сонымен қатар, қандай адамдар қатысты және олардың еңбегі қандай екені жайлы айтып өтеміз.

Таң әулетіне дейін қытай халқын 581 - 618 жж. Суй әулеті биледі. Суй империясының соңғы патшасы Суй Янди билік құрған кезеңінде елде ашаршылық пен дерт жайылды. Суй Янди патша барлық қаржыны Ұлы канал құрылысы мен Лоян және Чаньань қалаларын үлкейтіп құруға жұмсады. Сонымен қатар Когуреге үш мәрте соғысқа жорыққа аттанып әр кез сәтсіздікке ұшырады. Осы кезде елдің солтүстігінде көшпелілердің шабуылынан көп жерлер қаңырап бос қалды. Бітпейтін тегін еңбек пен әскери міндет жай шаруаларды езгіге салып, елден бездірді. Аштық пен езгіден шаршаған халық көтеріліс